



**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
2024 жылдың бірінші жартыжылдық есебі**

Астана, 2024 жыл

Мазмұны

Компания туралы

Негізгі оқиғалар

Өндірістік нәтижелер

Қаржылық нәтижелер

Негізгі тәуекелдер

Жауапкершілік туралы мәлімдеме

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп

Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп

Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп

Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп

Компания туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін білдіреді.

2023 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор) (87,42%), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (9,58%), 3% еркін айналымда болып табылады.

Компания Қазақстанда мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу көлемі бойынша көшбасшылық орнын сақтап қалды.

ҚМГ өзінің қызметі табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екенін сезіне отырып, осы ресурстарды ұтымды пайдалану және қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін мойындайды.

ҚМГ-нің негізгі активтері:

- Барлау және өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (ӨО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ) – 33%, Теңізшевройл (Теңіз) – 20%, Қарашығанақ – 10%, Қашаған – 16,88%.
- Тасымалдау: ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай құбыр жолы (ҚҚҚ) – 50%, МұнайТас – 51%, Batumi Oil Terminal – 100%, Каспий Құбыр желісі Консорциумы (КҚК) – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%.
- Өңдеу және басқалары: ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПҚОП – 49,72%, KMG International – 100%, Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%, ҚазРосГаз – 50%, Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк. – 49,5%.

Толығырақ ақпарат келесі сілтеме бойынша: <http://www.kmg.kz/>

Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:

ir@kmg.kz

тел: +7 (7172) 78 64 34

2024 жылдың басынан бергі басты корпоративтік оқиғалар:

- 2024 жылы 18 қаңтарда Рим қаласында (Италия) ҚМГ және Eni S.p.A. Жаңаөзен қаласында гибриді электр станциясын салу жобасын іске асыру туралы бірлескен шешімге қол қойды. Жоба Eni Plenitude еншілес компаниясымен бірлесіп, Жаңаөзен қаласында жел электр станциясын (77 МВт) және күн электр станциясын (50 МВт), сондай-ақ қуаты 120 МВт газ электр станциясын салуды көздейді.
- 2024 жылы 21 ақпанда ҚМГ және «Татнефть» ЖАҚ «Karaton Operating Ltd.» ЖК жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50% сатып алу-сату шартына, Акционерлер келісіміне және «Қаратон Подсолевой» жобасы бойынша қаржыландыру туралы келісімге қол қойды.
- 2024 жылы 11 наурызда ҚМГ мен SOCAR Әзербайжан Республикасының аумағы арқылы Қазақстан мұнайы транзитінің көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту туралы келісімге және Қазақстан мұнайын сатып алу-сату жөніндегі стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.
- 2024 жылы 29 наурызда «Sinorec» (Қытай) компаниясының Атырау облысында қуаты 1,25 млн тонна болатын полиэтилен өндіретін зауыт салу жөніндегі жобаға 30% қатысу үлесімен заңды түрде кіруі аяқталды, осылайша жобаға қатысушылардың үлесі мынадай: ҚМГ – 40% (шоғырландырылған), СИБУР – 30%, Sinorec – 30%.
- 2024 жылы 28 мамырда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қорытындысы бойынша Асхат Ғалымұлы Хасенов ҚМГ Басқарма төрағасы болып тағайындалды. 2024 жылдың басынан бері ҚМГ Басқарма құрылымында жаңа тағайындаулар болды. 2024 жылғы тамыздағы жағдай бойынша ҚМГ Басқарма құрамы 10 адамнан тұрады (Хасенов А.Ғ. - Басқарма төрағасы, Есказиев Қ.О., Абдулғафаров Д.Е., Закиров Б.Қ., Лавренов В.С., Макеев Д.С., Арысова Д.А., Брекешев С.А., Союнов Н.Д. және Балықбаев Р.А.)
- 2024 жылы 26 маусымда ҚМГ акционерлеріне 2023 жылға дивиденд төлеуді аяқтады. Дивидендтердің жалпы сомасы – 300,0 млрд теңге. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 491,71 теңгені құрады.

Өндірістік нәтижелері

2023 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі өндірістік көрсеткіштер:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 1,1%-ға артып, 11 989 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 6,2%-ға ұлғайып, 41 733 мың тоннаға жетті;
- Қазақстандық және румындық мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу көлемі 10 109 мың тоннамен салыстырғанда 8 902 мың тоннаны құрады.

	6А 2024 (ҚМГ үлесіне)	6А 2023 (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	11 989	11 860	+1,1%
Газ өндіру, млн м ³	4 840	4 789	+1,1%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	41 733	39 309	+6,2%
Мұнай өңдеу, мың тонна	8 902	10 109	-11,9%

Өндірістік көрсеткіштер егер басқаша көрсетілмесе, бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-ның иелену үлесіне және 100% шоғырландырылатын еншілес ұйымдардың көрсеткіштеріне сәйкес берілген. Есеп көрсеткіштері мен нәтижелері дөңгелектеу арқылы көрсетілген. Сонымен қатар, кезеңдерді салыстыру кезінде мәндер жуықталмай нақты қолданылды. Компания пікірінше, дөңгелектеуге қатысты кез келген ықтимал түзетулер операциялық нәтижелерге материалдық тұрғыдан әсер етпеуі керек.

Көмірсутек шикізатын өндіру

ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 1,1%-ға ұлғайып, 11 989 мың тоннаны (тәулігіне 497 мың баррель) құрады. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 1,1%-ға артып, 4 840 млн м³ жетті.

Мұнай мен конденсат өндіру, мың тонна	6А 2024 (ҚМГ үлесіне)	6А 2023 (ҚМГ үлесіне)	%
Өзенмұнайгаз	2 510	2 474	+1,4%
Маңғыстаумұнайгаз	1 530	1 538	-0,6%
Ембімұнайгаз	1 371	1 325	+3,5%
Теңіз	2 872	2 981	-3,7%
Қашаған	1 539	1 536	+0,2%
Қарашығанақ	547	549	-0,3%
Басқалары	1 620	1 457	+11,2%
Жиыны	11 989	11 860	+1,1%

Теңіз кен орнында мұнай өндіру 3,7%-ға азайып, 2 872 мың тоннаны (тәулігіне 126 мың баррель) құрады. Бұл ретте ілеспе газ өндіру көлемі 4,2%-ға төмендеп, 1 587 млн м³ құрады. Көрсеткіштердің төмендеуі есепті жылдың мамыр айында шикі газ айдау объектілерінде күрделі жөндеуге байланысты болды.

2024 жылы сәуірде Сағалық қысымды басқару жобасы объектілерін пайдалануға беру бойынша жұмыстар басталды. Жаңартылған кестеге сәйкес болашақ кеңейту жобасын іске қосу 2025 жылдың 2-тоқсанына жоспарланып отыр.

Қашағанда мұнай өндіру ҚМГ үлесіне 1 539 мың тоннаны (тәулігіне 67 мың баррель) құрап, 0,2%-ға ұлғайғанын көрсетті. Газ өндіру 2%-ға артып, 996 млн м³ жетті. Тұрақты көрсеткіштерге кен орнының өндірістік объектілеріндегі технологиялық жабдықтың сенімді жұмысы әсер етті.

Қарашығанақта мұнай өндіру көлемі 0,2%-ға артып, 547 мың тоннаны (тәулігіне 24 мың баррель) құрады. Сұйық көмірсутек өндірісінің шамалы азаюының себептері – тұрақсыз конденсатты «Конденсат» АҚ-ға жеткізу көлемінің азаюы және Орынбор газ өңдеу зауыты тарапынан газды шектеулі мөлшерде қабылдауы. Бұл ретте кен орны сарқылып, өндірілетін газ-сұйықтық қоспасында газ көлемінің ұлғаюына байланысты газ өндіру 5,8%-ға өсіп, 1 173 млн м³ құрады.

Операциялық активтерде мұнай мен конденсат өндіру көлемі 3,5%-ға 7 031 мың тоннаға (тәулігіне 280 мың баррель) дейін ұлғайды. Бұл көрсеткіш жаңадан сатып алынған Доңға кен орны есебінен, Ембімұнайгаз кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау, күрделі жөндеу және қабатты гидравликалық жару бойынша жүргізілген геологиялық-техникалық іс-шаралар есебінен, сондай-ақ былтырғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті жартыжылдықта Маңғыстау атом энергия комбинаты тарапынан электр энергиясын апатты ажырату жағдайларының азаюына байланысты өсім көрсетті. Бұл ретте Құмкөл тобының ескі кен орындарында қордың табиғи сарқылуына байланысты мұнай өндіру төмендеп келеді. Жаңадан

пайдалануға берілген Рожков газ конденсаты кен орнында (Орал Ойл энд Газ) және сатып алынған Доңға кен орнында игеру жұмыстарына байланысты операциялық активтерде газ өндіру 3,5%-ға 1 084 млн м³ дейін ұлғайды. Сонымен қатар, Қазақтүрікмұнайға қарасты Шығыс Сазтөбе кен орнында газ конденсатты екі ұңғымада геологиялық-техникалық іс-шаралар өткізу салдарынан газ өндіру көлемі төмендеді.

Мұнай тасымалдау

Мұнайды магистраль және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 6,2%-ға артып, 41 733 мың тоннаға жетті.

Мұнай тасымалдау ¹ , мың тонна	6А 2024 (100%)	6А 2024 (ҚМГ үлесіне)	6А 2023 (ҚМГ үлесіне)	%
ҚазТрансОйл	22 265	22 265	21 353	+4,3%
Қазақстан-Қытай құбыры	9 127	4 563	4 644	-1,7%
МұнайТас ²	2 735	1 395	1 393	+0,1%
Каспий Құбыр Консорциумы	33 210	6 891	6 684	+3,1%
Қазақтеңізкөлікфлоты	6 618	6 618	5 235	+26,4%
Жиыны	-	41 733	39 309	+6,2%

¹ Мұнай көлемдерінің бөлігі екі немесе үш құбыр компанияларымен тасымалдануы мүмкін және тиісінше осы көлемдер мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық ескеріледі.

² МұнайТас – үлестік әдіспен шоғырландырылатын бірлескен кәсіпорын, осыған байланысты тасымалдау көлемі 51% иелену үлесіне сәйкес көрсетілген.

Магистралды құбырлар арқылы мұнай тасымалдау көлемі 3,1%-ға ұлғайып, 35 115 мың тоннаға жетті. Өсім ҚазТрансОйл және Каспий Құбыр Консорциумы құбыр жүйесі арқылы Қашаған мұнайын ауыстырып тиеу есебінен болды.

Есепті кезеңде мұнайды теңізбен тасымалдау көлемі 26,4%-ға өсіп, 6 618 мың тоннаға жетті. Өсім мұнайды Жерорта теңізі акваториясына жөнелтетін Баку – Тбилиси – Джейхан құбыры арқылы мұнай тасымалдау көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ Каспий теңізі акваториясына Ақтау – Махачкала және Ақтау – Баку бағыттары қарай көлемдердің ұлғаюына байланысты. Бұл ретте Қара теңіз акваториясы бойынша тасымалдау көлемінің төмендегені байқалады, бұл Петромидия зауытында жөндеу жұмыстарының жүргізілуімен және НАТО әскери жаттығуларымен түсіндіріледі.

Көмірсутек шикізатын өткізу

ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын өткізу көлемі 0,4%-ға төмендеп, 12 114 мың тоннаны құрады, оның 65,4%-ы экспортқа жөнелтілді.

Ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін ҚМГ өндірген мұнай мен газ конденсатын ішкі нарыққа жеткізу 4 194 мың тонна құрады, соның ішінде мұнайды өңдеу және мұнай өнімдерін өткізу үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПҚОП) 2 648 мың тонна көлемінде операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз және Қазақтүрікмұнай) шикі мұнайы жеткізілген.

Көмірсутек шикізатын өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна ¹	6А 2024 (ҚМГ үлесіне)	6А 2023 (ҚМГ үлесіне)	%
АМӨЗ	2 911	2 881	+1,0%
ПМХЗ	2 722	2 772	-1,8%
ПҚОП	1 256	1 380	-9,0%

Caspi Bitum	165	201	-17,9%
Петромидия	1 731	2 681	-35,5%
Вега	117	193	-39,3%
Жиыны	8 902	10 109	-11,9%

¹ ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлесіне, қалған зауыттарда – 100% үлесіне көрсетілген.

2023 жылғы 6М-мен салыстырғанда қайта өңдеу көлемінің төмендеуі негізінен Румыниядағы МӨЗ жөндеуге тоқтауымен (Петромидия, Вега), сондай-ақ ҚР-дағы МӨЗ-де қайта өңдеудің шамалы төмендеуімен байланысты (ПҚОП - да-2024 жылғы сәуірде күрделі жөндеуге байланысты, Caspi Bitum-да битумның жол-құрылыс компаниялары тарапынан әлсіз іріктелуіне байланысты өңдеу көлемі төмендеді.

КСШ өңдеудің жалпы көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,9%-ға төмендеп, 8 902 мың тоннаны құрады.

- Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында КСШ қайта өңдеу көлемі ПҚОП-та 2023 жылдағы жоспарлы жөндеудің ұзағырақ болғандықтан 2,5% – ға қысқарып 7 054 мың тоннаны құрады (2024 ж. күрделі жөндеу жүргізілді, ал 2023 ж. ағымдағы жөндеу болды). Есепті кезеңде жол-құрылыс компаниялары тарапынан битумның әлсіз іріктелуіне байланысты Caspi Bitum зауытында өңдеу көлемі азайды.
- Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында өңдеу көлемі 35,7%-ға төмендеп, 1 848 мың тоннаны құрады. Өңдеу көлемінің төмендеуі жеңіл гидрокрекинг қондырғысының кеш іске қосылуына және зауыттың биыл наурыз айында жоспарлы күрделі жөндеуге тоқтауына байланысты болды. Зауыт маусым айының басында іске қосылды, қазіргі уақытта ол толық қуатында штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Қазақстандық және румын зауыттарында мұнай өнімдерін өндіру көлемі 11,1%-ға азайып, 8 283 мың тоннаны құрады.

- Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттары 6 465 мың тонна мұнай өнімін өндірді, бұл зауыттарда 2,5%-ға кем өңдеу көлемі сәйкесінше төмендеуіне байланысты 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының көрсеткішінен 0,8%-ға аз.
- KMG International (Петромидия, Вега) зауыттары бір жыл бұрынғы 2 796 мың тоннамен салыстырғанда 35,0%-ға аз 1 818 мың тонна мұнай өнімдерін шығарды. Бұған зауыттарда өңдеу көлемінің сәйкесінше төмендеуі себеп болды.

Қаржылық нәтижелер

2023 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі қаржылық көрсеткіштер:¹

- Түсім 3 943 млрд теңгемен (8 727 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 4 239 млрд теңгеге (9 440 млн АҚШ доллары) жетті;
- EBITDA көрсеткіші 1 115 млрд теңгемен (2 469 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 977 млрд теңгені (2 175 млн АҚШ доллары) құрады;
- Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесті қоса алғанда, компанияның таза пайдасы 488 млрд теңгемен (1 081 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 550 млрд теңгені (1 224 млн АҚШ долларын) құрады.
- Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда 2 263 млрд теңгемен (583 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 591 млрд теңгені (1 316 млн АҚШ доллары) құрады;
- Бос ақша ағымы 217 млрд теңгемен (480 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда, 604 млрд теңгені (1 345 млн АҚШ долларын) құрады;
- 2024 жылғы 30 маусымдағы жалпы қарыз 2023 жылғы 31 желтоқсандағы 3 757 млрд теңге (8 265 млн АҚШ доллары) мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда, 4 009 млрд теңгені (8 502 млн АҚШ долларын) құрады;
- 2024 жылғы 30 маусымдағы Компанияның таза қарызы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы 1 645 млрд теңге (3 620 млн АҚШ доллары) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 1 573 млрд теңгені (3 337 млн АҚШ долларын) құрады.

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	6 Ай 2024	6 Ай 2023	%
Мұнай, Dated Brent ³	\$/барр	84,06	79,66	5,5%
Мұнай, Dated Urals ³	\$/барр	72,52	53,86	34,6%
Мұнай, KECO ³	\$/барр	84,40	77,74	8,6%
Орташа бағам	теңге/АҚШ доллары	449,09	451,80	-0,6%
Түсім	млрд теңге	4 239	3 943	7,5%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес	млрд теңге	268	400	-32,9%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен	млрд теңге	310	174	77,4%

¹ Сомалар ыңғайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларымен көрсетілген (2024 және 2023 жылдардың бірінші жартыжылдығындағы орташа бағамдар АҚШ долларына шаққанда тиісінше 449,09 және 451,80 теңгені құрады; 2024 жылғы 30 маусымда және 2023 жылғы 31 желтоқсанда – кезең соңындағы бағамдар АҚШ долларына шаққанда тиісінше 471,46 және 454,56 теңгені құрады).

² Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда = Таза пайда + бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд, минус бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес.

³ Дереккөз: S&P Global Platts.

қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд				
Таза пайда	млрд теңге	550	488	12,5%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда	млрд теңге	591	263	124,5%
ЕБИТДА ⁴	млрд теңге	977	1 115	-12,4%
ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші ⁵	млрд теңге	1 018	890	14,4%
Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	282	301	-6,6%
Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша)	млрд теңге	270	354	-23,9%
Бос ақша ағымы ⁶	млрд теңге	604	217	178,7%
Жалпы қарыз ⁷	млрд теңге	4 009	3 757 ⁸	6,7%
Таза қарыз ⁹	млрд теңге	1 573	1 645 ⁸	-4,4%

Түсім

Түсім 4 239 млрд теңгені (9 440 млн АҚШ доллары) құрап, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының көрсеткішінен 7,5%-ға жоғары болды, бұл негізінен KMG International мұнайын сату көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ Brent маркалы мұнайының орташа бағасының 5,5%-ға өсуіне байланысты.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес негізінен Сағалық қысымды басқару жобасының/ Болашақ кеңейту жобасының объектілерін пайдалануға беру есебінен амортизация бойынша шығыс мөлшерінің ұлғаюы нәтижесінде «Теңізшевройл» ЖШС-нен түсетін пайданың 121,7 млрд теңгеге (267 млн АҚШ доллары) азаюына байланысты 32,9%-ға төмендеп, 268 млрд теңгені (597 млн АҚШ доллары) құрады.

ЕБИТДА

⁴ ЕБИТДА = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығындар минус тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

⁵ ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

⁶ Бос ақша ағымы = негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алуды алып тастағанда, операциялық қызметтен түскен ақша ағымы. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд операциялық қызметтен түскен ақша ағымына енгізілген.

⁷ Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар плюс қарыз (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке алынбаған.

⁸ Жалпы қарыз және таза қарыз 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген.

⁹ Есепті кезеңнің соңындағы таза қарыз: облигациялар плюс қарыздар минус ақша қаражаты және олардың баламалары, минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке алынбаған.

ЕБИТДА көрсеткіші 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 977 млрд теңгені (2 175 млн АҚШ долларын) құрап, 1 115 млрд теңгемен (2 469 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 12,4%-ға азайды. Бұның басты себебі – Петромидия зауытында (Румыния) жеңіл гидрокрекинг қондырғысын кеш іске қосу және бұл кәсіпорынды биыл наурыз айында жоспарлы күрделі жөндеуге тоқтату салдарынан «Өңдеу» сегменті бойынша 17,2%-ға төмендеуі.

ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің орнына бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшерін көрсететін ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші 14,4%-ға артып, 1 018 млрд теңгеге (2 267 млн АҚШ доллары) жетті.

Таза пайда

Компанияның таза пайдасы 2023 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 12,5%-ға артып, 550 млрд теңгені (1 224 млн АҚШ долларын) құрады. Таза пайда негізінен түсімнің ұлғаюына және уақытша бос ақшаны орналастыру кезінде пайыздық кірістің артуына байланысты өсті.

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы және қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда 124,5%-ға, яғни 263 млрд теңгеден (583 млн АҚШ доллары) 591 млрд теңгеге (1 316 млн АҚШ доллары) артты.

Өзіндік құн

Есепті кезеңде мұнай, газ, мұнай өнімдерін және басқа да материалдарды сатып алудың өзіндік құны 2 340 млрд теңгеге (5 211 млн АҚШ долларына) жетіп, 8,2%-ға ұлғайды. Өзіндік құнның ұлғаюы негізінен қайта сату үшін мұнай сатып алу көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ мұнайдың орташа бағасының өсуіне байланысты.

Операциялық шығыстар

Өндірістік шығыстар 8,2%-ға өсіп, 639 млрд теңгені (1 423 млн АҚШ доллары) құрады. Бұған негізінен ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлерде өндірістегі қызметкерлердің жалақысы бойынша шығыстарды индекстеу, сондай-ақ тасымалдау тарифтері мен көлемінің ұлғаюына байланысты көлік шығыстарының ұлғаюы себеп болды.

Есепті кезеңде тасымалдау және сату шығыны 132 млрд теңгені (293 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2023 жылдың бірінші жартыжылдықтағы көрсеткіштен 10,1%-ға жоғары. Өсім KMG International мұнайын өткізу көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ тасымалдау тарифтері мен көлемінің ұлғаюына байланысты көлік шығыстарының ұлғаюымен түсіндіріледі.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 117 млрд теңгені (262 млн АҚШ доллары) құрап, 62,7%-ға артты. Өсім «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес ұйымы «QazaqGaz» ҰК АҚ-ның «ҚазРосГаз» ЖШС-дегі 50% қатысу үлесін сенімгерлік басқару қызметі үшін 20,95 млрд теңге мөлшерінде, сондай-ақ сәуір айында Samruk-Kazyna Trust арқылы су тасқынынан зардап шеккендерге 10,0 млрд теңге мөлшерінде демеушілік көмек көрсетуге байланысты сыйақы есептеумен байланысты- 2024 жылғы мамыр.

Табыс салығынан басқа, салықтар негізінен акцизге, пайдалы қазбаларды өндіру салығына, сондай-ақ мұнай бағасының өсуі себебінен шикі мұнай экспортына рента салығына жұмсалатын шығынның өсуіне байланысты 7,1%-ға артып, 302 млрд теңгені (673 млн АҚШ доллары) құрады.

Күрделі шығындар

Есептеу әдісі бойынша күрделі шығындар («Сегмент бойынша есептілік» ескертпесінде ашып көрсетілген) 282 млрд теңгені (627 млн АҚШ доллары) құрап, «Астрахань-Маңғышлақ» магистралды су құбырын реконструкциялау мен кеңейту жобасының аяқталуына және «Жеңіс» жобасында барлау ұңғымасын бұрғылаудың аяқталуына байланысты 6,6%-ға төмендеді.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшері 174 млрд теңгемен (386 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 310 млрд теңгеге (689 млн. АҚШ доллары) жетті. Сомадан ауытқу негізінен «Теңізшевройл» ЖШС тарапынан есепті кезеңде және былтыр дивидендтерді әртүрлі кезеңдерде төленуімен түсіндіріледі. Бұл көрсеткіштің өсуіне «Теңізшевройл» ЖШС тарапынан 68 млрд теңгеге (153 млн АҚШ доллары), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дан 42,7 млрд теңгеге (95 млн АҚШ доллары) дивиденд төленгені, сондай-ақ «ҚазРосГаз» ЖШС тарапынан 21,0 млрд теңге (47 млн. АҚШ доллары) дивиденд төленгені себеп болды.

Бос ақша ағымы

Бос ақша ағымы өткен ұқсас кезеңмен салыстырғанда 178,7%-ға артып, 604 млрд теңгеге (1 345 млн АҚШ доллары) жетті. Бұл көрсеткіш бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшерінің ұлғаюына, сондай-ақ күрделі шығындардың төмендеуіне байланысты өсті.

Қарызды басқару

Борыштық жүктеменің көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2024 жылғы 30 маусым	2023 жылғы 31 желтоқсан	%
Облигация	млрд теңге	3 372	3 046	10,7%
Қарыз	млрд теңге	637	711	-10,4%

Жалпы қарыз	млрд теңге	4 009	3 757	6,7%
--------------------	-------------------	--------------	--------------	-------------

Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жалпы қарыз негізінен 2022 жылы ҚМГ «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасы үшін шығарған облигациялардың купондық мөлшерлемесінің 3%-дан 9,3%-ға дейін артуына байланысты 2023 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгемен 6,7%-ға және доллармен 2,9%-ға артып, 4 009 млрд теңгені (8 502 млн АҚШ доллары) құрады¹⁰.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша KMG International айналым капиталын қаржыландыру мақсаты үшін қолданыстағы кредиттік желі шеңберінде жалпы сомасы 80,5 млн АҚШ долларына (36,1 млрд теңгеге тең) синдикатталған қарыз алды.

Жалпы қарыздың өсуі KMG International-дың Credit Agricole-ден алған қарызын 59,3 млн АҚШ долларына (26,6 млрд теңгеге тең) толық өтеумен және BCP-ден алған қарызды жалпы сомасы 44 млн АҚШ долларына (19,7 млрд теңгеге тең) ішінара өтеумен жартылай өтелді. Сондай-ақ есепті кезеңде «АМӨЗ» ЖШС мен «ПМХЗ» ЖШС пайыздарды қоса алғанда, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-дан алған қарызды жалпы сомасы 23,7 млрд теңгеге ішінара өтеді. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының ішінде «АМӨЗ» ЖШС Халық банкінен алған кредитті жалпы сомасы 19,2 млрд теңгеге ішінара жапты.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Жеңіс» жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу туралы хабарламасы негізінде «ЛУКОЙЛ Қазақстан Апстрим» ЖШС-нен 47,9 млрд теңге мөлшерінде алған қарыздың (керри-қаржыландыру) танылуын тоқтатты.

Таза қарыз

2024 жылғы 30 маусымдағы таза қарыз 2023 жылғы 31 желтоқсанға қатысы бойынша теңгемен 4,4%-ға және доллармен 7,8%-ға төмендеп, 1 573 млрд теңгені (3 337 млн АҚШ доллары) құрады.

Ақша қаражаты

Депозит түрінде шоғырландырылған ақша қаражаты мен оның баламалары

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2024 жылғы 30 маусым	2023 жылғы 31 желтоқсан	%
Ақша қаражаты және олардың баламалары	млрд теңге	1 692	1 051	61,0%
Ұзақ мерзімді депозиттер	млрд теңге	67	64	4,5%
Қысқа мерзімді депозиттер	млрд теңге	667	997	-32,1%

¹⁰ Мәліметтер компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігінде көрсетілген.

Ақша қаражаты, олардың баламалары және депозит түріндегі ақша қаражаты	млрд теңге	2 435	2 112	15,3%
---	-------------------	--------------	--------------	--------------

Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

Шоғырландырылған ақша қаражаты, олардың баламалары, соның ішінде 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша депозит түріндегі ақша қаражаты 2023 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 15,3%-ға артып, 2 435 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2023 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда доллармен 11,2%-ға ұлғайып, 5 165 млн АҚШ долларын құрады.

Компанияның негізгі тәуекелдері

ҚМГ үнемі өзгеріп отыратын ортада жұмыс істейді.

Кейбір тәуекелдер уақыт өте келе дамуы мүмкін және ықтимал әсерлер мен ықтималдық ішкі және сыртқы факторларға жауап ретінде өзгеруі мүмкін.

ҚМГ стратегияны жүзеге асыруға әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктерді басқарады, бақылайды және есеп береді.

Қоғамға тән, оның қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ерекше тәуекел факторлары бар.

Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы

Мұнай бағасы құбылмалы және төмендеуі мүмкін. Бұл ҚМГ қаржылық көрсеткіштерінің төмендеуіне тікелей әсер етеді.

Мұнай бағасы төмендеген кезде Компанияның еркін ақша айналымы және сәйкесінше дивидендтер төлеу мүмкіндігі төмендейді.

Болжалды мәліметтерге сәйкес, мұнай бағасы 2024 жылы барреліне 84 АҚШ долларын құрайды деп күтілуде¹¹, бұл бюджеттің негізгі сценарийіне сәйкес келеді, бір барреліне 80 АҚШ долларын құрайды.

Өндіріс көлемінің төмендеу қаупі

Қазақстан Республикасы ОПЕК+ келісімі бойынша міндеттемелерді өз еркімен қабылдады. ОПЕК ақпаратына сәйкес¹² 2024 жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында Қазақстан тәулігіне 699 мың баррель мұнайға квотадан асты. Бұл ретте артық өндірісті өтеу жоспарына сәйкес, мұнай өндірудің ең үлкен төмендеуі 2024 жылдың қазан айында болады деп күтілуде. 2025 жылы ай сайын өндірісті қыркүйекке дейін қысқартуы жоспарда (қаңтарда тәулігіне 65 мың баррельден қыркүйекте тәулігіне 1 мың баррельге дейін).

2024 жылдың бірінші тамызынан бастап Теңіздің 2 (б-дан) өндірістік желісінде (ҚМГ үлесі – 20%) жөндеу жұмыстары басталды, ал қазаннан қарашаға дейін "Болашақ" мұнай мен газды көшенді дайындау қондырғысының өндірістік учаскесінде (Қашаған, ҚМГ үлесі – 16,88%) газды алдын ала іріктеу қондырғылары (slug-catcher) ауыстыру бойынша жөндеу жұмыстары жоспарлануда. Осы жөндеу жұмыстарының аясында өндірістің біршама төмендеуі күтілуде, бұл елдің ОПЕК+ келісімі бойынша міндеттемелерін орындауына ықпал етеді. Қазіргі уақытта өндіру жоспарлы режимде жүзеге асырылады.

Экспортқа мұнайды тасымалдау және сату көлемінің төмендеу тәуекелі

Егер компанияның экспорттық бағыттары техникалық ақауларға, ластануға, қауіпсіздік мәселелеріне, саяси оқиғаларға, табиғи апаттарға, қоғамдық денсаулыққа қауіп-қатерлерге және жаһандық пандемияға байланысты немесе Компания серіктестерімен келіспеушіліктерге байланысты қандай да бір жолмен қысқартылса немесе жабылса, бұл басқалармен қатар, экспортқа елеулі жағымсыз әсер ету, бұл өз кезегінде Компанияның бизнесіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша ағындарына немесе қызмет нәтижелеріне елеулі жағымсыз әсер етеді.

¹¹ Rystad Energy research and analysis

¹² Organization of the Petroleum Exporting Countries web site
https://www.opec.org/opec_web/en/press_room/7361.htm

Сонымен қатар, Компанияның қызметіне қосымша әртүрлі тәуекел факторлары өз әсерін тигізеді.

Негізгі тәуекел факторларының тізбесі олардың сипаттамасымен және ықтимал салдарларымен, сондай-ақ тәуекелдерді азайту және тәуекелдерді басқару бойынша қабылданатын шаралар Компанияның веб-сайтында орналастырылған ҚМГ акцияларының проспектісінде және Компанияның 2023 жылға арналған жылдық есебінде ашылған (www.kmg.kz).

Жауапкершілік туралы мәлімдеме

Қоғам Жарғысының 14-бабының 29-тармағына сәйкес Басқарма ҚМГ бағалы қағаздарының саудасы жүзеге асырылатын қор биржаларының ережелерінің талаптарын негізге ала отырып, ҚМГ жартыжылдық есебін бекітеді.

Басқарма құрамы және Басқарма құрамының әрбір мүшесі Жартыжылдық есеп пен есептілікті дайын- дау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жартыжылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Басқарма құрамының әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, мыналарды растайды:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарт- тарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;
- есеп Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық жай-күйі туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды.



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
БСН 041140002277
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
БИН 041140002277

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
BIN 041140002277

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Башшылығына

Кіріспе

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған үш және алты ай үшін жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен және көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, сондай-ақ іріктелген түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Башшылық *«Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS)* Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексеру көлемі

Біз шолып тексеруді *«Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» 2410* Шолып тексерулердің халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Қайрат Медетбаев
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы
№ МФ-0000137 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2024 жылғы 15 тамыз



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде
берген сериясы МФЮ-2 №0000003
болатын Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметпен
айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін

	Ескер.	30 маусымда аяқталған үш ай үшін		30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
		2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*	2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
<i>Миллион теңгемен</i>					
Түсім және басқа да кірістер					
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	6	2.012.042	2.055.876	4.239.360	3.943.025
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	7	113.865	208.022	268.190	399.719
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	4	–	–	16.410	–
Қаржылық кіріс	14	108.562	37.500	210.047	75.057
Басқа да операциялық кіріс		26.234	33.706	30.344	39.520
Түсім және басқа да кірістер жиыны		2.260.703	2.335.104	4.764.351	4.457.321
Шығыстар мен шығындар					
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	8	(1.074.329)	(1.130.748)	(2.340.139)	(2.162.627)
Өндірістік шығыстар	9	(310.724)	(330.110)	(638.995)	(590.645)
Табыс салығынан басқа салықтар	10	(169.049)	(140.409)	(302.448)	(282.313)
Тозу, тауысылу және амортизация		(160.109)	(144.045)	(322.422)	(295.937)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	11	(65.055)	(58.366)	(131.564)	(119.537)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	12	(77.935)	(38.968)	(117.469)	(72.208)
Негізгі құралдардың құнсыздануы және барлау шығыстары	13	(16.728)	(138.965)	(16.824)	(139.275)
Қаржылық шығындар	14	(92.746)	(81.883)	(167.338)	(158.769)
Оң бағамдық айырма, нетто	2	55.858	30.949	39.337	23.765
Басқа да шығыстар		(7.806)	(9.745)	(16.372)	(14.083)
Шығыстар мен шығындар жиыны		(1.918.623)	(2.042.290)	(4.014.234)	(3.811.629)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		342.080	292.814	750.117	645.692
Табыс салығы бойынша шығыстар	15	(93.014)	(91.322)	(200.611)	(157.196)
Кезеңдегі таза пайда		249.066	201.492	549.506	488.496

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	30 маусымда аяқталған үш ай үшін		30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2024 жылғы (аудит жүргізілмеген) Ескер.	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*	2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян) <i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(залал)</i>				
Хеджирлеу өсері	24	4.947	188	988
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма		540.495	17.977	(223.579)
Таза инвестицияларды хеджирлеуден болған (залал)/кіріс, нетто	21	(137.673)	(6.510)	60.062
Салық өсері		(32.392)	(884)	12.816
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		375.377	10.771	(149.713)
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</i>				
Табыс салығын шегере отырып, белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс		536	237	536
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс		54	356	111
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс		590	593	647
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		375.967	11.364	(149.092)
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны		625.033	212.856	814.076
Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда/(зиян):				
Бас компанияның акционерлеріне		256.317	241.179	557.989
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(7.251)	(39.687)	(8.483)
		249.066	201.492	549.506
Мыналарға келетін жиынтық кіріс/(зиян) жиыны:				
Бас компанияның акционерлеріне		632.089	252.507	822.449
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(7.056)	(39.651)	(8.373)
		625.033	212.856	814.076
Акцияға пайда** - мың теңгемен				
Базалық және бөлінген		0,42	0,40	0,91

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 5-ескертемеде келтірілген.

** 2024 жылғы 30 маусымдағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай ақциялардың саны 610.119.493 дана болды.

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



Д.А. Арысова

А.С. Есбергенова

Есеп саясаты және 9-44 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратымас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Барлау және бағалау бойынша активтер		191.631	174.187
Негізгі құралдар	16	7.301.769	7.181.206
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		5.696	19.383
Материалдық емес активтер		875.598	874.930
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		104.572	101.765
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	18	4.922.243	4.821.427
Өтелуге жататын ҚҚС		28.725	30.360
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		71.499	50.954
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		3.448	4.192
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек		120.947	94.334
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		43.836	23.217
Ұзақ мерзімді банк салымдары	17	66.767	63.891
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер		44.145	65.829
		13.780.876	13.505.675
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		376.911	376.444
Сауда дебиторлық берешек	19	635.045	561.258
Өтелуге жататын ҚҚС		37.833	60.523
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		19.693	33.051
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	19	158.505	157.257
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек		92.593	125.569
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	19	94.991	74.870
Қысқа мерзімді банк салымдары	17	676.711	997.012
Ақша қаражаты мен оның баламалары	20	1.691.809	1.050.873
		3.784.091	3.436.857
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		177	180
		3.784.268	3.437.037
Активтердің жиыны		17.565.144	16.942.712

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(жалғасы)**

Миллион теңгемен	Ескер.	2024 жылғы	2023 жылғы
		30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал		916.541	916.541
Қосымша төленген капитал		1.142	1.142
Басқа да капитал		4.191	(910)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		4.348.993	4.090.281
Бөлінбеген пайда		5.450.058	5.486.747
Бас компанияның акционерлеріне жататын		10.720.925	10.493.801
Бақыланбайтын қатысу үлесі		(110.583)	(99.404)
Капитал жиыны		10.610.342	10.394.397
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	21	3.680.128	3.365.736
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	89.451	87.880
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	24	19.477	18.743
Резервтер	23	297.580	306.219
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		72.361	70.975
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	24	45.548	37.777
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер		1.244.186	1.126.767
		5.448.731	5.014.097
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда кредиторлық берешек	24	599.568	663.930
Қарыздар	21	328.447	391.358
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	13.287	17.400
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	24	150.523	145.953
Резервтер	23	50.183	33.576
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		5.571	5.703
Төленуге жататын табыс салығы		17.884	28.285
Төленуге жататын басқа да салықтар	25	125.445	116.500
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	24	215.163	131.513
		1.506.071	1.534.218
Міндеттемелер жиыны		6.954.802	6.548.315
Капитал мен міндеттемелер жиыны		17.565.144	16.942.712
Бір акцияның баланстық құны* - мың теңгемен		15.955	15.603

* 2024 жылғы 30 маусымдағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды. Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХҚЕС-ке жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетіледі.

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



(Signature)
Д.А. Арисова

(Signature)
А.С. Есбергенова

Есеп саясаты және 9-44 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
		2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		750.117	645.692
Түзетулер:			
Тозу, тауысылу және амортизация		322.422	295.937
Негізгі құралдардың құнсыздануы және барлау шығыстары	13	16.824	139.275
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған (пайда)/зиян	9	(4.913)	453
Қаржылық кіріс	14	(210.047)	(75.057)
Қаржылық шығындар	14	167.338	158.769
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	7	(268.190)	(399.719)
Резервтердегі өзгеріс		1.257	(16.788)
Оң бағамдық айырма, нетто		(35.308)	(20.802)
Еншілес ұйымды сатудан түскен пайда	4	(16.410)	–
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін (қалпына келтіру)/есептен шығару		(2.708)	5.213
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған кіріс, нетто		(6.404)	(135)
Басқа да түзетулер		7.342	3.215
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		721.320	736.053
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		24.121	(17.294)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		17.501	(42.890)
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		(41.237)	(158.560)
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		(19.109)	97.938
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		(27.567)	(54.004)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		675.029	561.243
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	18	309.547	174.464
Табыс салығын төлеу		(65.508)	(101.934)
Алынған пайыздар		66.524	63.632
Төленген пайыздар	21, 22	(112.159)	(126.561)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		873.433	570.844

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескер.	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
		2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		(607.484)	(920.765)
Банк салымдарын қайтару		950.803	1.476.515
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(269.532)	(354.129)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		718	1.474
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар	18	(11.851)	(11.050)
Еншілес ұйымды сатып алуға байланысты өтемақы төлеу	5, 26	(1.520)	(163.770)
Бірлескен бақылауды жоғалтпай бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлесін сатудан түсетін түсім		4.465	
Есептен шығарылған ақша қаражатын шегергенде, еншілес ұйымның шығуынан ақша қаражатының түсуі	4	8.010	-
Байланысты тараптарға берілген қарыздар		(25.620)	(1.999)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер		31.441	13.600
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу		183.763	335.047
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу		(174.725)	(270.047)
Басқасы		1.884	920
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		90.352	105.796
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Қарыздардың түсуі	21	105.140	287.072
Қарыздарды өтеу	21	(171.232)	(336.622)
Акционерлерге төленген дивидендтер	26	(300.002)	(300.002)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер		(2.509)	(1.515)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу		(57)	(153)
Репо мәмілелері бойынша түсімдер		22.074	-
Репо мәмілелері бойынша төлемдер		(22.074)	-
Байланысты тараптан болған салымдар	5	-	13.821
Басқа да операциялар		-	(8.962)
Жалдау міндеттемелері бойынша негізгі борышты өтеу	22	(14.861)	(11.903)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(383.521)	(358.264)
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы		60.690	(11.447)
Күтілетін кредиттік зияндар резервіндегі өзгеріс		(18)	(9)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		640.936	306.920
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.050.873	763.185
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.691.809	1.070.105

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 5-ескертемеде келтірілген.

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



(Signature)
Д.А. Арысова

А.С. Есбергенова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді						Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны		
2022 жылғы								
31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	916.541	1.142	(1.759)	4.209.612	4.803.431	9.928.967	(61.541)	9.867.426
Кезеңдегі таза пайда/(зиян) (қайта есептелген)*	-	-	-	-	522.367	522.367	(33.871)	488.496
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	-	-	988	(150.743)	621	(149.134)	42	(149.092)
Жиынтық кіріс/(зиян) жиыны (қайта есептелген)*	-	-	988	(150.743)	522.988	373.233	(33.829)	339.404
Дивидендтер (26-ескертпе)	-	-	-	-	(300.002)	(300.002)	(1.500)	(301.502)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	-	-	-	-	(45)	(45)	-	(45)
Басқа да операциялар	-	-	-	-	(17.925)	(17.925)	-	(17.925)
Самұрық-Қазынамен операциялар	-	-	-	-	22.145	22.145	-	22.145
Байланысты тараптан болған салымдар (5-ескертпе)	-	-	-	-	13.821	13.821	-	13.821
Еншілес ұйымның бақыланбайтын қатысу үлесін сатуға арналған пут опционы бойынша резерв	-	-	-	-	-	-	(590)	(590)
2023 жылғы								
30 маусымға (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*	916.541	1.142	(771)	4.058.869	5.044.413	10.020.194	(97.460)	9.922.734

* Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 5-ескертпеде келтірілген.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді						Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны		
2023 жылғы								
31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	916.541	1.142	(910)	4.090.281	5.486.747	10.493.801	(99.404)	10.394.397
Кезеңдегі таза пайда / (зиян)	-	-	-	-	557.989	557.989	(8.483)	549.506
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	5.101	258.712	647	264.460	110	264.570
Жиынтық кіріс/ (зиян) жиыны	-	-	5.101	258.712	558.636	822.449	(8.373)	814.076
Дивидендтер (26-ескертпе)	-	-	-	-	(300.002)	(300.002)	(2.806)	(302.808)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	-	-	-	-	(9)	(9)	-	(9)
Басқа да операциялар	-	-	-	-	(2.026)	(2.026)	-	(2.026)
Самұрық-Қазынамен операциялар (21-ескертпе)	-	-	-	-	(293.288)	(293.288)	-	(293.288)
2024 жылғы								
30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	916.541	1.142	4.191	4.348.993	5.450.058	10.720.925	(110.583)	10.610.342

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



Д.А. Арысова

А.С. Есбергенова

ҚМГ қаржылық есептілігінің 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы толық нұсқасы компанияның веб-сайтында орналастырылған (www.kmg.kz)